

Шымкент қалалық білім басқармасы
«Qazyna balabaqshasy» бөбекжай балабақшасы
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

№1 педагогикалық кеңестің күн тәртібі:

Тақырыбы: «Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны»

Мақсаты: 2022 жылдың 14 қазанындағы №422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына енген өзгерістерді, мектепке дейінгі ұйымның оқыту, тәрбиелеу, білім беру процессіндегі өзгерістерді талқыға салу. Қолайлы инновациялық технологияларды таңдап, тәжірибе жүзінде іске асыруға бағыт беру.

Өткізген күні: 09 қыркүйек 2024 жыл

Қатысқан: 4 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: Усенбаева М

Хатшы: Сергазиева К

Күн тәртібінде:

1. Бөбекжай меңгерушісі М.Усенбаеваның алғы сөзі. Жаңа оқу жылының басталуымен құттықтау. Күн тәртібімен таныстыру

Бөбекжай меңгерушісі Усенбаева М

2. Жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру, талдау. Үлгілік оқу баяндамасындағы өзгерістерді талқылау

меңгерушісі Усенбаева М

3. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесін бекіту. Кадрларды топтар бойынша бөлу. Ата-аналар жиналыстарының тақырыбын бекіту

Бөбекжай меңгерушісі Усенбаева М

4. Әртүрлі мәселелер

Бөбекжай меңгерушісі Усенбаева М.

1. Бөбекжай меңгерушісі Усенбаева М сөз сөйлеп, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, ұжымға шығармашылық шабыт, сәттілік тіледі. Күн тәртібімен таныстырды. Алғашқы педагогикалық кеңес дәстүрлі түрде өтті.

2. Бөбекжай меңгерушісі Усенбаева М. жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстырды. Бөбекжайдың жылдық тақырыбы мен мақсат-міндеттерін айтты. Жылдық тақырып «Жаңа Қазақстанға – ғылыми дамыған

жаңашыл ұрпақ» болып бекітілгенін және жұмыс жасау барысында « STEAM» инновациялық технологиясын кеңінен қолдану негізгі мақсат екенін баяндап айтты. Үлгілік оқу бағдарламасындағы өзгерістер туралы айтты. Перспективалық жоспар, апталық циклограмма, балалардың жеке даму карталары мен мониторингтің жазылу үлгілерін көрсетті.

3. Бөбекжай меңгерушісі Усенбаева М ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесін бекітіп, кестедегі өзгерістер туралы айтып, әр топтың тәрбиешілеріне, мамандарға таратып берді. Кадрларды топтар бойынша бөлу, ата-аналар жиналысының тақырыптары да талқыға салынып, бекітілді.

4. Бөбекжай меңгерушісі Усенбаева М. сөз алып, әр түрлі мәселелер қозғады (ішкі тәртіп, сыйластық, т.б.)

Педагогикалық кеңес шешімін шығарды.

Қаулы:

1. Бекітілген күн тәртібі, жылдық жоспар, ҰІӨ-тер кестесі бойынша жұмыстар жасалсын.

2. Ата-аналар жиналысы бекітілген тақырыптар негізінде өткізілсін.

3. Бөбекжай ішіндегі тәртіп сақталсын.

Пед.кеңес төрайымы: Усенбаева М



Хатшы: Сергазиева К

Шымкент қалалық білім басқармасы
«Qazyna balabaqshasy» бөбекжай балабақшасы
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

№2 педагогикалық кеңестің күн тәртібі:

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымында дене шынықтыру- сауықтыру қызметінің жүйесі» Дөңгелек үстел

Мақсаты: мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мамандарының ойын құзыреттілігін арттыру. Балаларды жан-жақты дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді, түрлі технологияларды енгізу, педагогтардың білімдерін кеңейту.

Өткізген күні: қараша

Қатысқан: 4 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: Усенбаева М

Хатшы: Сергазиева К.

Күн тәртібінде:

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы

Меңгеруші: Усенбаева М

2. «Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұсақ саусақ моторикасын дамытудағы дәстүрден тыс ойын әдіс – тәсілдерін қолдану жолдары» баяндама

Меңгеруші: Усенбаева М

3. «Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұсақ саусақ моторикасын дамытудағы дәстүрден тыс ойындардан шеберлік сағаты

Меңгеруші: Усенбаева М

4. Тақырыптық бақылау.

Мектепке дейінгі ұйымда балаларды сауықтыру шаралары

Медбике: Таттибекова А.

5. Әртүрлі мәселелер

6. Педкеңес қорытындысы, шешім қабылдау.

Педагогикалық кеңес дәстүрлі түрде өтті

1. Бірінші мәселе бойынша №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы меңгеруші Усенбаева М. тоқталып, қабылданған шешім қорытындысында қабылданған іс-шаралардың қаншалықты орындалғанына назар бөліп, толықтырылмаған жұмыстарға белгілі уақыт белгілеп, орындалуын талап етті. Және атқарылған шаруаларды толық қанағаттанбағандығын атап өтті.

2. Мектепке дейінгі ұйымында дене шынықтыру- сауықтыру қызметінің жүйесі дөңгелек стол басында талқылау жұмыстарын меңгеруші Усенбаева М.

өткізіп, дене шынықтыру мен сауықтыру қызметінде мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі жұмысының сапасын және тиімділігін арттыру қазіргі педагогика ғылымының және қоғамның алдына қойған маңызды ісі болып табылады. Ал дене тәрбиесі арқылы баланың денсаулығын нығайту, өмірге қажетті қозғалыс дағдыларының дұрыс қалыптасуын іске асыру мемлекеттік маңызды жұмыс. Мықты денсаулықтың, дененің дұрыс жетілуінің, жоғары жұмыс қабілетінің негізі нақ осы мектеп жасына дейінгі балалық шақта қаланады, қозғалыс қызметінің қалыптасуы, сондай-ақ дене қасиеттерінің бастапқы тәрбиесі де осы жылдарда өтетіндігін айта отырып, тәжірибе түрінде бірлесіп, ортаға салды.

Өмірді қорғау мен денсаулықты нығайту, бала организмінің қызметін жетілдіру, оның денені дұрыс жетілдірудегі ықпалы, жұмыс қабілетін арттыру дене жағынан тәрбиелеудегі ең басты міндеттер болып табылатындығына барлық тәрбиешінің көзін жеткізді.

Сонымен бірге, стол барысындағы әңгімеде -бұл міндеттердің маңыздылығы мынада: ағзаның тез өсуіне және дамуына қарамастан, олардың қызметі жетілмеген, организмнің қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды, сондықтан сүйек жүйелері мен байланыс буын аппаратының дұрыс әрі мерзімімен жетілуіне, бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына, табан дөңестерінің дұрыс жетілуіне ықпал жасау қажет екендігіне көз жеткізді.

3. Меңгеруші Усенбаева М. «Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұсақ саусақ моторикасын дамытудағы дәстүрден тыс ойындардан шеберлік сағатын жүргізді. Шеберлік сағаты нені қамтыды:

1. Қозғалыс белсенділігін дамыту және үйлестіру, денешынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру;
2. Денсаулықты нығайтуға көмектесетін ептілік, жылдамдық және үйлестіре жүру, жүгіру, секіру, шапшандық секілді дене сапаларын дамыту;
- 3.нейрогимнастикалық ойындарды тиімді ұйымдастыру
4. ритмикалық ойындар ойнауда әуендерді дұрыс таңдау
5. Салауатты өмір салты туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру.

Осыған байланысты нұсқаудың негізгі мақсаты – аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін тиімді әдіс-тәсілдер, құралдар мен технологияларды көрсету. Туралы мәлімет беріп, келешекте оқу-тәрбие жұмыстарында кеңінен пайдалануға кеңес берді.

4. Медициналық тұрғыда балабақша балаларының денсаулығын жақсарту мақсатында жүргізілетін түзетушілік жұмыстарын, сауықтыру шараларын тиімді ұйымдастыру, талдау жасау туралы мониторинг түрінде Таттибекова А. Мектепке дейінгі мекемедегі балалардың дені сау, психологиялық және интеллектуалдық тұрғыда жан — жақты қалыптасқан, бастауышқа дайын болған мекеме түлегі. Тәрбиешінің балалармен жұмыс жүргізуіндегі денсаулық сақтау технологиялары баланың денсаулығын сақтау және нығайту, дене жаттығуларын жасауға қызығушылықтарын арттыру, қимылдық іскерліктерін жақсартуда мектепке дейінгі мекемеде денсаулықсақтау технологияларының түрлері:

Хатшы: Сергазиева К

Шымкент қалалық білім басқармасы
«Qazyna balabaqshasy» бөбекжай балабақшасы
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

№ 3 педагогикалық кеңестің отырысы

«Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік қабілеттерін дамыту шарты ретінде жүйелі сөйлеуді дамытудың педагогикалық технологияларын енгізу»

***Мақсаты:** мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балалардың сөйлеу құзыреттілігін арттыру. Балалардың тілін дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді, түрлі технологияларды енгізу, педагогтардың білімдерін кеңейту.*

Өткізген күні: қаңтар

Қатысқан: 4 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: Усенбаева М

Хатшы: Сергазиева К.

Күн тәртібінде:

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы

меңгеруші Усенбаева М

2. Мектеп жасына дейінгі балалардың жүйелі сөйлеуін дамытуға арналған заманауи білім беру технологиялары – баяндама

меңгеруші Усенбаева М

3. Тақырыптық бақылау

«Балалар қызметінің әртүрлі нысандары мен түрлерінде балалардың жүйелі сөйлеуін дамыту бойынша тәрбие-білім беру жұмысының жай-күйі» -

меңгеруші Усенбаева М

4. Әр түрлі мәселелер

5. Педкеңес қорытындысы, шешім қабылдау.

1. Бірінші мәселе бойынша №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы меңгеруші Усенбаева М тоқталып, қабылданған шешім қорытындысында қабылданған іс-шаралардың қаншалықты орындалғанына назар бөліп, толықтырылмаған жұмыстарға белгілі уақыт белгілеп, орындалуын талап етті. Және атқарылған шаруаларға қанағаттандырылғандық деп баға берді.

2. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің артта қалуына байланысты меңгеруші Усенбаева М «Мектеп жасына дейінгі балалардың жүйелі сөйлеуін дамытуға арналған заманауи білім беру технологиялары» атты баяндама мен

презентация ретінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Жаңартылған білім беру жүйесіндегі тиімді тәсілдермен таныстырып өтті.

Жаңа технологияны, әдіс - тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын көтереді. Ең басты мақсат: жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, балаларға сапалы да терең білім беру, олардың ойлау дағдылары мен есте сақтау қабілеттерін жетілдіре отырып, қазақ тілінде еркін сөйлеу дәрежесін көтеру.

Балабақшадағы тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі- тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде, балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып

- балалардың сөздік қорларын дамытамыз;
- жаңа сөздерді меңгертеміз;
- үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отырамыз.

Осы аталған міндеттерді педагог үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше.

Сонымен қатар, балалардың жас ерекшелігін ескеру әдіс-тәсілдерді таңдаумен сай келеді, ҰІӨ өткізгенде бірінші орынға ойын және ойын түрлері қойылады.

Тіл үйренуде ең басты міндет – балалардың сөйлеу тілін жетілдіру.

Сөздік қорды дамытуға бағытталған әдістердің жалпы міндеті. Сөздің мағынасын дұрыс түсініп, оны өз сөзінде дұрыс қолдану екенін ашып көрсетті.

3. Сөйлеу тілін дамытудағы тиімді тәсіл – мнемотехника әдісі. Осы тұрғыдан мнемотехникаға байланысты шеберлік сағатын әдіскер Донбаева Э.Б. жүргізді.

Педагогтар топқа бөлініп берілген өлең жолдарына мнемотехника құрды. Екінші шеберлік сағаты бойынша педагогтарға тақырып берілді. Берілген тақырып бойынша алдымен ,әңгіме құрастырды. Құрастырылған әңгіме бойынша мнемокесте құрды. Барлық топтар белсенді қатысты, мнемокесте құрудағы оңай болған және қиын болған сәттермен бөлісті.

4. Тақырыптық бақылау: «Балалар қызметінің әртүрлі нысандары мен түрлерінде балалардың жүйелі сөйлеуін дамыту бойынша тәрбие-білім беру жұмысының жай-күйіне» меңгеруші Усенбаева М өз көзқарасын білдірді. Ересек және ортаңғы топ балаларының дұрыс сөйлей алмайтынын және қазақ тілінде дұрыс сөйлеуінің артта екеніне ескерту жасады. Күнделікті іс-әрекеттерде жиі ертегілер оқу қажеттігін және көп сөйлесу қажеттігін атап өтті.

5. Педкеңес қорытындысы бойынша меңгеруші Усенбаева М сөз алды. Жоғарыда аталған мәселелергі өз ойын айтты. Ересек және ортаңғы топ тәрбиешілеріне ескерту жасалды.

Қаулы:

1. Барлық педагогтар ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жүйелі өткізу
2. Тіл дамыту жұмыстарын жүргізу үшін шаралар ұйымдастыру, уақытты тиімді пайдалану.
3. Жұмысқа уақытында келу.
4. Аудандық семинарды қорытындысын қаңтар айында өткізу

Пед.кеңес төрайымы: Усенбаева М



Хатшы: Сергазиева К

Сенат